

«Қаралды»:  
Педагогикалық кеңес  
Хаттама №1  
«18» 08 2025 жыл

«Бекітілді»:  
МКҚК «№1 «Күншуақ»  
бөбекжай-балабақшасының  
менгерушісі: Г.Ж.Барикова  
«18» 08 2025 жыл

### 2025-2026 оқу жылына арналған жалпы ата-аналар жиналысының жоспары

| №                                                                                                                                                                                                              | Қаралатын мәселелер                                                                                                                     | Уақыты   | Жауаптылар              |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-------------------------|
| №1 жалпы ата-аналар жиналысы                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                         |          |                         |
| Тақырыбы : «Оқу жылының басталуы-балабақша,ата-аналар және оның тәрбиеленушілері өміріндегі жаңа кезеңнің басталуы»                                                                                            |                                                                                                                                         |          |                         |
| Мақсаты: педагогтар мен ата-аналар арасындағы байланысты кеңейту; жаңа оқу жылына өзара іс-қимыл перспективаларын модельдеу;ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.                                    |                                                                                                                                         |          |                         |
| 1.                                                                                                                                                                                                             | 2025-2026 жылының мақсат- міндетімен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау.                                                            | Қыркүйек | Г.Ж Барикова -менгеруші |
| 2                                                                                                                                                                                                              | «Ата-аналарға мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес топтағы заттық-кеңістіктік даму ортасы туралы айту». |          | Л.М Асанова - әдіскер   |
| 3                                                                                                                                                                                                              | «Баланы балабақшаға бейімдеу»баяндама                                                                                                   |          | Л.Т Қыдыралы -тәрбиеші  |
| 4                                                                                                                                                                                                              | Ағымдағы мәселелер                                                                                                                      |          | Г.Ж Барикова -менгеруші |
| № 2 жалпы ата-аналар жиналысы                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                         |          |                         |
| Тақырыбы : «2025-2026 оқу жылының қорытындысы»                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                         |          |                         |
| Мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ата-аналары мен педагогтары арасындағы байланысты кеңейту; жаңа оқу жылына өзараәрекеттесу перспективаларын модельдеу. Алынған дағдыларды тәжірибеде қолдану. |                                                                                                                                         |          |                         |
|                                                                                                                                                                                                                | Бірінші ата-аналар жиналысының шешімінің орындалуы                                                                                      | Мамыр    |                         |

|   |                                                                                                                                                        |  |                                       |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---------------------------------------|
| 1 |                                                                                                                                                        |  | Г.Ж Барикова -меңгеруші               |
| 2 | Жыл бойы жүргізілген оқу -тәрбие жұмыстарының қорытындысы<br>Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жұмысын<br>ұйымдастыру. |  | Л.М Асанова - әдіскер                 |
| 3 | Педагогикалық тренинг “Біздің құқық”                                                                                                                   |  | Г.З Сәрсенбаева -педагог-<br>психолог |
| 4 | «Денің сау болсын десең».Баяндама                                                                                                                      |  | Б.Ж Манаубаева -медбике               |
| 5 | Ағымдағы мәселелер                                                                                                                                     |  | Г.Ж Барикова -меңгеруші               |



## **№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасының жалпы ата-аналар жиналысы**

### **Хаттамасы №1**

**Өткізілген күні:** 10 қыркүйек, 2025 жыл

**Өткізілетін орны:** Балабақшаның музыка залы

**Қатысқандар:** Балабақша меңгерушісі, әдіскер, педагогтер, ата-аналар

**Төраға:** Г.Ж. Барикова – балабақша меңгерушісі

**Хатшы:** А.М.Маханбет

**Тақырыбы:**

**«Оқу жылының басталуы – балабақша, ата-аналар және оның тәрбиеленушілері өміріндегі жаңа кезеңнің басталуы»**

**Мақсаты:**

Педагогтер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, жаңа оқу жылындағы өзара іс-қимыл бағыттарын айқындау, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті қалыптастыру.

**Күн тәртібі:**

1. 2025–2026 оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау.
2. Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына сәйкес топтағы заттық-кеңістіктік дамыту ортасы туралы ақпарат беру.
3. «Баланы балабақшаға бейімдеу» тақырыбындағы баяндама.
4. Ағымдағы мәселелер.

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша:**

Балабақша меңгерушісі Г.Ж. Барикова сөз сөйлеп, жаңа 2025–2026 оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттері туралы жан-жақты баяндады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде жүргізілетін білім беру жұмыстарының бағыттарына тоқталды.

Балалардың қауіпсіздігі, денсаулығын сақтау, сапалы білім мен тәрбие беру, ата-аналармен тиімді серіктестік орнату мәселелері кеңінен түсіндірілді.

Сонымен қатар, ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау мәселесі қаралды.

Комитеттің негізгі міндеттері түсіндіріліп, ата-аналардың ұсыныстары тыңдалды.

**Екінші мәселе бойынша:**

Әдіскер Л.М. Асанова сөз алып, топтағы заттық-кеңістіктік дамыту ортасының мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестігі туралы баяндады.

Баяндама барысында:

дамыту ортасының баланың жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылуы;

ойын, танымдық, шығармашылық және зерттеу

орталықтарының қызметі; қауіпсіздік талаптарының сақталуы;

ұлттық құндылықтарды дәріптейтін материалдардың қолданылуы;

балалардың дербес әрекет жасауына жағдай жасалуы туралы толық мәлімет берілді.

Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

**Үшінші мәселе бойынша:**

Тәрбиеші Л.Т. Қыдыралы «Баланы балабақшаға бейімдеу» тақырыбында баяндама жасады.



Баяндама барысында:

баланың жаңа ортаға бейімделу кезеңінің ерекшеліктері;  
бейімделудің психологиялық және физиологиялық белгілері;  
ата-ананың балаға эмоционалдық қолдау көрсету жолдары;  
күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтану және ұйқы режимінің маңыздылығы;  
балабақша мен отбасының бірлескен жұмысының нәтижелері туралы айтылды.  
Ата-аналарға баланың бейімделу кезеңінде сабырлық танытып,  
тәрбиешілермен тұрақты байланыста болудың қажеттілігі түсіндірілді.

**Төртінші мәселе бойынша:**

Балабақша меңгерушісі Г.Ж. Барикова ағымдағы ұйымдастыру мәселелері бойынша ақпарат берді.

Қаралған мәселелер:

балабақшаның ішкі тәртіп ережелері;  
балаларды қабылдау және шығарып салу тәртібі;  
балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;  
ата-аналардың жауапкершілігі;  
санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау;  
мерекелік және тәрбиелік іс-шараларға ата-аналардың қатысуы;  
ата-аналармен байланыс жұмыстарының жүргізілу тәртібі.  
Ата-аналар тарапынан ұсыныстар айтылып, пікір алмасу жүргізілді.

**Қаулы:**

5. 2025–2026 оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттері ата-аналардың назарына алынсын.
6. Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында бірлескен жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
7. Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылған заттық-кеңістіктік дамыту ортасы туралы ақпарат ата-аналардың назарына алынсын.
8. Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңінде тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара тығыз байланыста жұмыс істеуі қамтамасыз етілсін.
9. Сайланған ата-аналар комитеті өз жұмысын жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырсын.
10. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау талаптарын ата-аналар қатаң сақтасын.
11. Қаралған барлық мәселелер бойынша қабылданған шешімдердің орындалуы балабақша әкімшілігінің бақылауында болсын.

**Жиналыс төрағасы:** \_\_\_\_\_ Г.Ж. Барикова

**Хатшы:** \_\_\_\_\_

**Қатысқан ата-аналар саны:** 55





## **№1 «Күншуақ» бобекжай-балабақшасының жалпы ата-аналар жиналысы**

### **Хаттамасы №2**

**Өткізілген күні:** 27 мамыр, 2026 жыл

**Өткізілетін орны:** Балабақшаның мәжіліс залы

**Қатысқандар:** Балабақша меңгерушісі, әдіскер, педагог-психолог, медицина қызметкері, педагогтер, ата-аналар

**Төраға:** Г.Ж. Барикова – балабақша меңгерушісі

**Хатшы:** Э.Т Орынбаева

**Тақырыбы:**

**«2025–2026 оқу жылының қорытындысы»**

**Мақсаты:**

Мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту, оқу жылы барысында атқарылған жұмыстарды қорытындылау, жазғы сауықтыру кезеңіндегі бірлескен жұмыстың негізгі бағыттарын айқындау және алынған білім мен дағдыларды тәжірибеде қолдануға ықпал ету.

**Күн тәртібі:**

1. Бірінші жалпы ата-аналар жиналысы шешімдерінің орындалуы.
2. 2025–2026 оқу жылы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы.  
Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйым жұмысының ұйымдастырылуы.
3. Педагогикалық тренинг: «Біздің құқық».
4. «Денің сау болсын десең» тақырыбындағы баяндама.
5. Ағымдағы мәселелер.

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша:**

Балабақша меңгерушісі **Г.Ж. Барикова** бірінші жалпы ата-аналар жиналысында қабылданған шешімдердің орындалуына тоқталды.

Оқу жылы барысында ата-аналармен бірлескен іс-шаралардың жоспарға сәйкес өткізілгені, ата-аналар комитетінің белсенді жұмыс атқарғаны, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәрбие-білім беру үдерісіне ата-аналарды тарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгені айтылды. Қабылданған шешімдердің басым бөлігі толық орындалғаны атап өтілді.

**Екінші мәселе бойынша:**

Әдіскер **Л.М. Асанова** оқу жылының қорытындысы туралы есеп берді.

Баяндама барысында:

мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің нәтижелері;

тәрбиеленушілердің танымдық, тілдік, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуының жетістіктері;

педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелері;

ата-аналармен жүргізілген ынтымақтастық жұмыстары қорытындыланды.

Сонымен қатар, жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілетін жұмыстар таныстырылды. Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, табиғат аясындағы ойындар, шынықтыру шаралары, қауіпсіздік ережелерін сақтау және сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру бойынша түсіндірме берілді.

**Үшінші мәселе бойынша:**

Педагог-психолог **Г.З. Сәрсенбаева** «Біздің құқық» тақырыбында педагогикалық тренинг өткізді.

Тренинг барысында:

бала құқықтары туралы халықаралық және ұлттық заңнамаларға шолу жасалды;

ата-аналардың құқықтары мен міндеттері түсіндірілді;

баланың қауіпсіз ортада өмір сүру, білім алу, демалу және өз пікірін білдіру құқықтары талқыланды;

ата-аналар түрлі жағдаяттық тапсырмалар орындап, пікір алмасты.

Тренинг қатысушылардың белсенділігімен өтті.

**Төртінші мәселе бойынша:**

Медбике **Б.Ж. Манаубаева** «Денің сау болсын десең» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамада:

балалардың денсаулығын нығайту жолдары;

дұрыс тамақтану мәдениеті;

жеке бас гигиенасын сақтау;

жұқпалы аурулардың алдын алу;

жаз мезгілінде күн сәулесінен қорғану, су ішу режимін сақтау;

дене шынықтыру мен таза ауада серуендеудің маңыздылығы туралы кеңінен айтылды.

Ата-аналарға балалардың денсаулығын сақтау бойынша ұсыныстар мен кеңестер берілді.

**Бесінші мәселе бойынша:**

Балабақша меңгерушісі **Г.Ж. Барикова** ағымдағы мәселелер бойынша сөз сөйледі.

Қаралған мәселелер:

жазғы кезеңдегі жұмыс тәртібі;

балалардың келуі мен қатысуын бақылау;

қауіпсіздік талаптарын сақтау;

жазғы іс-шараларға ата-аналардың қатысуы;

жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары;

ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері.

Ата-аналардың сұрақтарына жауап беріліп, ұсыныстары назарға алынды.

**Қаулы:**

1. Бірінші жалпы ата-аналар жиналысында қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2025–2026 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы назарға алынсын.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бағытындағы жұмыстар жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.

4. Балалардың құқықтарын қорғау және құқықтық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар ата-аналармен бірлесіп жалғастырылсын.
5. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған санитарлық-гигиеналық талаптар мен салауатты өмір салтын қалыптастыру шаралары жүйелі түрде жүргізілсін.
6. Ата-аналарға жазғы демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күн тәртібін сақтау және денсаулығын нығайту жөніндегі ұсыныстарды орындау ұсынылсын.
7. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау балабақша әкімшілігіне жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:  Г.Ж. Барикова  
Хатшы:  Э.Т. Орынбаева  
Қатысқан ата-аналар саны: 68



